

**"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкінің жанындағы Ұлттық талдамалық орталық" акционерлік қоғамын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 3 қыркүйектегі N 762 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2000000000 (екі миллиард) теңге мөлшерінде жарғылық капиталымен және жарғылық капиталының:

1) 50 (елу) пайызын - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;

2) 50 (елу) пайызын - Қазақстан Республикасының Үкіметі қалыптастыру тетігімен "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкінің жанындағы Ұлттық талдамалық орталық" акционерлік қоғамын (бұдан әрі - Орталық) құру туралы ұсынысымен келісілсін.

2. Орталық қызметінің негізгі мәні:

1) мемлекеттік басқарудың өзекті мәселелері жөнінде зерттеулер жүргізу және ұ с ы н ы м д а р ә з і р л е у ;

2) Қазақстан Республикасы, басқа да елдер экономикасы секторларының өнімділігін жүйелі және салыстырмалы талдау, оның мониторингі мен бағалау және олардың бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын факторларды анықтау;

3) мемлекеттік органдардың реттеуші қызметінің тиімділігіне бағалау жүргізу;

4) қаржылық тұрақтылық мәселелері жөнінде зерттеу жүргізу болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі заңнамада белгіленген тәртіппен Орталықтың жарғылық капиталының 50 (елу) пайызын 2008 жылға арналған республикалық бюджет қаражаты есебінен 1000000000 (бір миллиард) теңге мөлшерінде төлеуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Орталықтың 50 (елу) пайыздық акцияларын иелену және пайдалану құқықтарын Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне берсін;

2) Астана, Алматы қалаларының әкімдіктерімен және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен бірлесіп, Орталықты орналастыру үшін оны үй-жайлармен қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын;

3) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесімен бірлесіп:

Орталықтың Жарғысын әзірлеуді және бекітуді;

Орталықты Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді  
қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

4) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар  
е н г і з і л с і н :

1) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Астана қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-96-жолмен  
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"21-96.»"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкінің жанындағы Ұлттық талдамалық орталық" АҚ";

2) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысында :

көрсетілген қаулыға қосымша мынадай мазмұндағы бөліммен және реттік нөмірі 304-жолмен  
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі 304.«"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкінің жанындағы Ұлттық талдамалық орталық" АҚ";

3) "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қыркүйектегі N 993 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2002 ж., N 29, 327-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің қарауындағы ұйымдардың тізбесі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 4-жолмен  
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"4.»"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкінің жанындағы Ұлттық талдамалық орталық" АҚ".

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Премьер-Министрі*